

«МДШО бар М.Сенгірбаев атындағы орта мектеп» мемлекеттік коммуналдық мекемесінде оқушылар арасында темекі, электронды темекі (вейп) пайдаланудың алдын алу профилактикасы бойынша жүргізілген жұмыстар

Хабарламасы

Мақсаты:

- Электронды темекінің ағзаға тигізетін кері әсерін және одан туындайтын ауру түрлерін айта отырып, зиянды әсерін ашу. Мектеп оқушылары мен мұғалімдердің денсаулықты сақтау, салауатты өмір салтының маңыздылығы туралы білім деңгейін арттыру, олардың денсаулығын нығайту.

Міндеттері:

- «ВЕЙП» қолданудың зиянды салдары туралы білімді қалыптастыруға ықпал ету. Оқушылар вейп, вейпер және вейпинг туралы не білуі керек;
- Жасөспірімдердің жеке жауапкершілігін қалыптастыру;
- Салауатты өмір салтын қалыптастыру, жат қылықтан аулақ болуға тәрбиелеу.

Мектеп медбикесі Ахунжанова Г оқушыларға Вейп құрамындағы пропиленгликоль ағзада жиналып аллергиялық реакцияларды қоздыратындығын, бауыр мен бүйрекке зиянын тигізетіндігін және де акролеин көздің шырышты қабатына әсер етсе, формальдегид жүйке жүйесіне әсерін беретіндігін, сондай-ақ никотин қатерлі ісік ауруына шалдықтыртындығын айта кетті. Сонымен қатар бір вейпті бірнеше адам пайдаланған жағдайда гепатит, туберкулез сияқты аурулар таралатындығын түсіндіре кетті. Электрондық никотинді жеткізу жүйелері (ESDNS), электронды темекі немесе VEIP — бұл арнайы сұйықтықты (немесе "сұйықтық", "сұйықтық", "шырын") буландыру арқылы темекі шегуге деген құштарлықты қанағаттандыруға мүмкіндік беретін гаджет екендігін айтып өтті.

Сыныптағы оқушылар Вейп электронды темекінің адам денсаулығына келтіретін зияны жайлы өз ойларын ортаға салып, пікір алмасты.

Қорытындылай келе, Вейп электронды темекінің адам өмірі үшін қауіпті екені жайлы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



ДТЖО:

Шайбаева М.Н